




ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ

АЛТАЙ-ТАРБАҒАТАЙ
ӨҢІРІНІҢ
ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ



ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ



АЛТАЙ-ТАРБАҒАТАЙ
ӨҢІРІНІҢ
ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ



Алматы «Атамұра» 2008

ББК 85.92 я 72

А 46

И. Н. Тасмағамбетов, *редакция алқасының төрағасы,
Астана қаласының әкімі*

Редакция алқасы:

Долда Кенешұлы, әндердің әуездік-мәтіндік нұсқаларын
жинақтап жеткізуші

Біләл Ысқақов, жауапты шығарушысы

Ұлықбек Есдәулет, әдеби редакторы

Айтқали Жайымов, музыкалық редакторы

*Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының
ғылыми кеңесінде қаралып мақұлданған*

А46 Алтай—Тарбағатай өңірінің халық әндері. Бірінші кітап. Жинақтап құрастырған
Долда Кенешұлы. — Алматы: Атамұра, 2008. — 288 бет.

ISBN 9965-34-807-3

Жинаққа топтастырылған халық әндері Қытайдың Шыңжан өлкесінде тұратын қазақтардың айтулары бойынша жазылып алынған көне халық әуендері. Нота жазуына алғаш рет түсіріліп отырған бұл әндер қазақ ұлтының рухани мұрасына қосылар асыл қазына іспетті. Әндердің көпшілігі орындаушылар қолына түспей жүрген «аты бар да, заты жоқ» бейтаныс туындылар еді.

Әуендік-құрылымдық тұрғыдан қарағанда қара өлең жанрында дамыған бұл әндер ұлттық ән мұрамызды байыта түсетін, байырғы дәстүрлі әншілік өнерімізді жақындата беретін асыл мұра болып табылады.

Тұңғыш рет елімізге қайта оралып отырған бұл әндер, сөз жоқ, ән сүйер қауым мен музыка мамандарын ерекше қуантары анық. Кітап Астана қаласының 10 жылдық мерейтойына тарту ретінде шығарылып отыр.

А 4306130000—036
418(05)—08

ББК 85.92 я 72

ISBN 9965-34-807-3

© Кенешұлы Д., 2008

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сарыарқаның төрінде бой түзеген ару Астананың онжылдық тойы — ең алдымен, мәдени және рухани маңызы зор оқиға. Оның негізінде қабырғалы халқымыз бен еңселі еліміздің санғасырлық тағдыры жатыр.

Тауы — тарих, құмы — шежіре қазақ даласы бір қарағанда өзгеріс атаулыға бейжай көрінгенімен, оның құрсағында қалыптасқан бір ақиқат бар. Ол — дала рухы.

Далаға ұлан-асыр рухани дәулет тән. Даланың рухы — ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ата салтында, даналығы оның төсін жайлаған жұрттың өмір сүру қалпында.

Кез келгенге көне мұраларымыз жайдақ кітап сияқты әдегеннен-ақ ақтарыла салмайды. Олардың құпиясы — тұңғыықта, қалтарысы — тереңде. Үңіліп, зерделеп, зерттеу, тер төге отырып реттеу — ғалымдарымыздың, қолына қалам ұстаған зиялы қауым өкілдерінің, қала берді көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азаматтың абзал борышы.

Осы тұрғыдан келгенде, тағдыр тауқыметімен кезінде шекара асып, кейіннен туған жерге қайта оралған Долда Кенешұлының қолдарыңызға тиіп отырған **«Шыңжан қазақтарының рухани мәдениет үлгілері»** атты жинағы ұлттық мәдени қорымызға, Елбасы бастап, ел қоштаған, тәуелсіз мемлекеттігіміздің даусыз дәлелі **«Мәдени мұра»** мемлекеттік бағдарламасына қосылған аса құнды дүние болып табылады.

Белгілі этнограф, музыка және фольклортанушы, ардагер Долда ағамыздың көп жылдар бойы көз майын тауысып жинаған бұл жәдігерлері Шоқан Уәлиханов пен Александр Затаевичтердің ұлттық мәдениетімізге сіңірген ұшан-теңіз еңбегімен салыстыруға тұрарлық. Әсіресе өскелең ұрпақ үшін.

Шын мәнінде, ұлттық мәдениет, ұлттық рух — бесіктен белі шықпаған баладан басталады. Тәуелсіз, егемен, еркін еліміз әлемнің төрт бұрышына бірдей танылып, саяси-әлеуметтік және

экономикалық жағынан тұрақты даму жолына түскен бүгінгі күні мұның өзі ел үшін ең басты мұраттардың бірі. Сондықтан жас ұрпақ бойында отансүйгіштік сезімді тәрбиелеп, қалыптастыру, мәдени мұраларымыздың сыры мен қырын ашып, халықтың игілігіне жарату – баршамыз үшін үлкен парыз. Бұл ретте жарық көріп отырған осы еңбекті жан-жақты әрі мұқият даярлап, баспаға әзірлеуге атсалысқан ақын Ұлықбек Есдәулетке, музыка мамандары Біләл Ысқақов пен Айтқали Жайымовқа, сыбызғышы Еділ Құсайыновқа шынайы алғысымды айтқым келеді.

Долда Кенешұлының аталмыш еңбегін Елордамыздың мерейтойына тамаша тарту деп қабылдайық.

*Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
ЮНЕСКО істері жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
төрағасы*



Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ

ҚАЗЫНАЛЫ ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

Қазақ халқы ежелден әншілік өнерімен ерекшеленген. Ұлттық дәстүрлі музыка қорымыздағы ең көп сақталғаны да осы — ән өнері. Өмірдің әр құбылысын әнге қосып, өз шежіресін әнмен жазған халқымызда шығарушысы ұмытылса да, мәтіні мен әуезі ел жадында сақталып келе жатқан бірнеше мың халық әндері бар. Тарихтың сан қилы талқысынан сүзіле өтіп келе жатқан бұл әндер, ұлттық болмыс пен қасиетті, тұрмыс-тіршілікті білдіретін айрықша құндылық болып саналады.

Небір жез көмей дарынды әншілер мен ән әуезін жанына жұбаныш жасай білген талантты өнерпаздар арқылы бүгінге жетіп отырған халықтық ән өнері — уақыт өткен сайын өз қасиетін арттыра түсетін, ұлттық ерекшелігімізді айқындап беретін асыл мұрамыз екені анық.

Қанша буын өнерпаздар қолынан өтсе де өз мазмұны мен маңызын жоймай, ұлттық мінезді, терең сезімді жырлап келе жатқан бұл өнер, шын мәнінде өзіндік салт-санамызды, дәстүрлі тірлігімізді сақтаушы қасиетімен де құнды. Кешегі мен бүгінгінің арасын жалғап тұрған халық әндерінде ақыл-парасат та, тарих та, ұлттық мінез бен игілік те тұнып-ақ тұр.

Халықтың өзімен бірге туып, бірге жүретін, өткені мен өмірін өнеге етіп, өсиет қылатын осындай халық әндерінің қорына міне, тағы да аса мол қазына қосылып отыр. Сіздерге ұсынылып отырған бұл жинақта Қытай еліндегі қандастарымыз арасында сақталып келген халық әндері топтастырылған. Алғаш рет жиналып, нотаға түсіріліп беріліп отырған бұл әндер біздің еліміз бастан кешкен түрлі саяси-әлеуметтік, тарихи-идеологиялық үрдістерден бөлек, тысқары жағдайда сақталып келгендігімен бағалы. Сол себепті бұл әндерде ежелгі дәстүрлі халықтық әншілік өнердің үзілмеген сабақтастық жүйесі байқалады. Сонымен қатар байырғы ұлттық тұрмыс-тіршілікті бастан кешіп, дәстүрлі өмір сүру ортасын аса бұза қоймаған талантты өкілдерден жазылғандығымен де әндердің көркемдік маңызы арта түсіп отыр.

Негізінен байырғы қара өлең дәстүрінде сақталған бұл әндердің өзіндік құрылымдық сипаты да әр түрлі, мәтіні мен әуені түрліше нұсқада келе беретін ауызекі түрдегі қара өлеңге лайық алмасулар да жиі байқалады.

Айтылу дәстүрі біздегі Жетісу ән мектебіне жақындау келгенімен, өз өңірінде қалыптасқан өзіндік әуездік мәнерлі жүйесін де анық көруге болады. Ежелгі ауызекі түрде айтылатын әншілік өнердің даралық табиғаты да осында кездеседі. Әндердің диапазондық кендігі мен әуездік құбылулары тек қазақ әндеріне ғана тән айрықша дәстүрді толықтырып тұр. Халықтық-кәсіби жүйелі ән дәстүрін нығайта түсетін мұндай

көркемдік ағым, сөз жоқ, ән жанрындағы ұлттық рухани негіздерді айқындай түседі.

Жинақтағы бұл әндер кәсіби бағытта жүйелі зерттелмей, аймақтық жанрлық өзгерістері анықталмағандықтан, бізге тек этнографиялық мағлұмат бере алатын танымдық қасиетімен ерекшеленеді. Жинақталған халық әндерінің толық үлгілері екі кітап болып жарық көргелі отыр.

Жүздеген жылдар бұрын айтылып, әр заманның тыныс-тіршілігін, рухани әлемін анық көрсететін осы әндер бүгінгі мен ертеңгі ұрпақ үшін де аса қымбат мұра екені анық.

Қазақтың ұлан-ғайыр ән қорына өзіндік бітімімен қосылып отырған бұл әндерді қырық жыл бойы тиянақты түрде жинап, көзінің қарашығындай сақтап келген адам, ұлттық мәдениеттің шынайы жанашыры, зерттеуші-этнограф — **Долда Кенешұлы**. Қытайдың Алтай, Тарбағатай, Құлжа, Іле аймақтарындағы қазақ ауылдарын ерінбей аралап, әр әнді өз қалпында ұнтаспаға түсіріп, тағы басқа ұлттық мәдениет үлгілерін де ерекше ұқыптылықпен жинаған бұл кісінің еңбегі — ұрпақтар үшін жасалған өлшеусіз үлес екені сөзсіз.

Қазақ тарихының жаңа беттерінен хабар беретін бұл әндер біздегі әншілік-орындаушылық айналымға әлі түсе қоймаған бейтаныстығымен де аса қымбат. Кейбір ән аттары біздегі әндермен аттас келгенімен, мәтіні мен әуені мүлде бөлек болып келеді. Сондай-ақ жинаққа халық арасында жиі айтылатын екі жаққа да ортақ белгілі әндер енгізілген жоқ, негізінен халық әндерінің біздің өңірде айтылмайтын үлгілері алынып топтастырылды. Жинақтағы әндердің нота жазбалары еркін де таза оқылуы үшін негізінен «ре—соль» жүйесінде жазылды. Әрбір әннің нақтылы айтылуы дағы тональдік биіктігі нота жазбасының басында латын әрпімен көрсетілді.

Еңбектің жазылуына мұрындық болып, демеушілік көрсетіп, айрықша қолдап отырған белгілі қоғам қайраткері, ұлттық рухани өнердің шынайы жанашыры **Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке** ерекше ризашылық алғыс білдіреміз.

Сондай-ақ жинақтың дайындалуына қызу атсалысып, әндерді нотаға түсірген музыка мамандары **Ермек Өміровтің, Гүлнар Қозыбақованың, Арман Жайымның** еңбектерін айрықша атап өтуді парыз санаймын.

Қазақи пайым-түсініктің астарын айқындап, ұлттық келбеттің көркемдік дәрежесін көркейтіп тұратын қазыналы халық әндерінің жалпы халықтық қасиеті — оның ұлттық рухани жұбанышы ретінде өзімен бірге жасай бермек.

Біләл Ысқақов,
Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының профессоры

1. АҒАЖАЙ–АЛТАЙ

Орындаған Раушан Әбуқызы

Орташа ♩ = 96

Е_лім ке_тіп а_ңы_рап - - - а,
ай, же_рім қал_ды, Ас_қар а_су,
Қайырмасы:
шү_рай_лы бе_лім қал_ды. А_ға_жай,
Ал_тай_дай, жер қай_д(а)ай.

2. Өр Алтайдан дүркіреп ел көшті ғой,
Ақ даланың бойынан оқ есті ғой.

Қ а й ы р м а с ы:

3. Қара арғымақ сүрініп қу томарға,
Қара нардың бұйдасын жау кесті ғой.

Қ а й ы р м а с ы:



2. АЛТЫН ТАУ

Орындаған Биғазы Ыдырышұлы

Орташа ♩ = 90

Қай_ ран ме_ кен қал_ дың - ау, ту_ ып өс_ кен - ай,

а_ та - ба_ бам кір_ жу_ ып, кін_ дік кес_ кен - ай.

Қайырмасы:

Та_ ма_ ша_ сы жан_ нат_ тай, қай_ ран же_ рім - ай,

жат_ сам түс_ тен, кет_ пей_ сің, тұр_ сам ес_ тен - ай.

Қайырмасы:

Ал_ тын тау қай_ ран ме_ кен қал_ дың - ау.

2. Ертіс қыстап жүруші ек, Алтай жайлап-ай,
Қара сазбен Үшілік бие байлап, ей.

Қ а й ы р м а с ы :

Алтын тау, қайран, мекен қалдың-ау.

3. Кең алқапқа жарасып ақ боз үйлер-ай,
Күнде ойын, күнде той, сауық сайран, ей.

Қ а й ы р м а с ы :

Алтын тау, қайран, мекен қалдың-ау.

3. ЖЕТІ АРАЛ

Орындаган Жәукен Сүлейменқызы

Көңілді ♩ = 136

Шөбің шүйгін, суың бал,
жеңің шалғын ай, сол шалғын да
өсіп ектей балғын. Асыр салып
ойнаған туған жерді -
ай, сағынған да жүректен
Қайырмасы:
шығар жалын. Жетіарал жеңім ай,
сауықшыл елім ай.

2. Алтыбақан тебетін қыз-бозбала,
Шырқаушы едік осы әнді көкті жара.
Көк шалғында бірге өскен қалың жастар,
Әнді шырқап қайтушы-ек таң алдында.

Қайырмасы:

4. САРЫАРҚА

Орындаған Токтау Сұлтанғалиұлы

Еркін ♩ = 120

Шір_кін - ай! Сар(ы)_ар_ қа - ай, не деп

ай_там - ей, қал(ы)_қа - ай. А_қын_ дар_дың

жа_лы_ ны - - оу, жыр қа_ на_

ты, қыз_ғал_ дақ_ тай қыр_ да_ ғы, ыр_ға_

ла_ тын. Шір_кін - ай! Сар(ы)_ар_ қа - ай,

не деп ай_там, ей, қал(ы)_қа - ай. Ұл_кен кі_ші

жи_на_лып, оу, бас қос_қан_

да, қал_ды_ра_йын мен да_ғы,



Шіркін-ай !
Сарыарқа-ай, не деп айтам, ей, қалқа-ай.

Ақындардың жалыны-оу, жыр қанаты,
Қызғалдақтай қырдағы, ырғалатын.
Шіркін-ай!
Сарыарқа-ай, не деп айтам, ей, қалқа-ай.

Үлкен-кіші жиналып-оу, бас қосқанда,
Қалдырайын мен дағы, жыр қанатын.
Шіркін-ай!
Сарыарқа-ай, не деп айтам, ей, қалқа-ай.



5. КҮНІШІМ, АЙДАЙ

Орындаган Тоқтау Сұлтанғалиұлы

Байсалды ♩ = 108

Ай_ тай_ ын - ау, айт де_ ген соң а_

ри - ай_ дай, бі_ ле_ йін қай_ дан се_ ні

бой_ дай та_ лай. Әй, у_ гәй, әй, у_ гәй, Кү_ ні_ шім

ай_ дай - ау. Сөй_ лей бер - ау,

қы_ зыл ті_ лім жақ_ ба_ рын_ да, маң_ дай_

да тау_ дай та_ лап, бақ ба_ рын_

да. Әй, у_ гәй, әй, у_ гәй. Кү_ ні_ шім, ай_ дай - ау.

Ба_ рын_ да - ау! Тір_



Айтайын, ау, айт дегесін, ари - айдай,
 Білейін қайдан сені бойдай талай.
 Әй, угәй, әй, угәй, Күнішім айдай-ау.

Сөйлей бер-ау, қызыл тілім, жақ барында,
 Маңдайда таудай талап, бақ барында.
 Әй, угәй, әй, угәй, Күнішім айдай-ау.
 Барында-ау.

Тіршілікте ойна да күл,
 Бұйрықсыз шыбын шақпас, сақтарында,
 Әй, угәй, әй, угәй, Күнішім айдай-ау.



6. УГӘЙ ЖАР

Орындаган Токтау Сұлтанғалиұлы

Баяу $\text{♩} = 160$



У_ гәй жар, у_ гәй қо_ ңыр өн_ ге_ сал. Айт де_ ге_ сін ай_ та_ йын, а_ ри - ай_ дай - ай, қай_ дан се_ ні бі_ ле_ йін бой_ дай та_ лай у_ гәй жар, у_ гәй қо_ ңыр өн_ ге сал. Қыр_ ғын бол_ са, қы_ рық жыл, а_ жал_ д(ы)ө_ лер - ау. Ат_ тың ба_ сын тарт_ па_ шы, боз ба_ ла_ лар. У_ гәй жар, у_ гәй қо_ ңыр өн_ ге сал.

Угәй жар, угәй қоңыр әнге сал.
Айт дегесін айтайын, ари-айдай-ай,
Қайдан сені білейін, бойдай талай.

Угәй жар, угәй қоңыр әнге сал.
Қырғын болса, қырық жыл, ажалды өлер-ау,
Аттың басын тартпашы, бозбалалар.
Угәй жар, угәй қоңыр әнге сал.



7. СҰР ҚЫЗЫЛДАЙ

Орындаган Мағиза Оянғанқызы

Асықпай $\text{♩} = 100$

Қайырмасы:

Сұр қы_ зыл_ дай, сіз_ ді кө_ ріп кө_ ні_ лім

бір бұ_ зыл_ ды - ай. Өр Ал_ тай_ дың

ба_ сы_ на - най, жел_ дет_ ті ғой,

күз_ ді кү_ ні, бол_ ған_ да ел кет_ ті ғой -

ай. Ән_ ге са_ лып шыр_ қа_ йық -

ай, за_ ман_ дас_ тар,

ой_ нап кү_ ліп о_ тыр_ саң, нең ке_ те_ ді - ай.



Сұр қызылдай,
Сізді көріп көңілім бір бұзылды-ай.
Өр Алтайдың басынан-ай, желдетті ғой,
Күзді күні болғанда ел кетті ғой-ай.
Әнге салып шырқайық-ай, замандастар,
Ойнап-күліп отырсаң, нең кетеді-ай.
Сұр қызылдай,
Сізді көріп көңілім бір бұзылды-ай.



8. САҢҒЫРБАЙ

Орындаган Гүлнұр Сұлтанқызы

Жылдам ♩ = 126

а

Ме_нің а_тым сұ_ра_саң Сан_ғыр_бай_мын,

беу, беу, беу. Мал_ға ке_дей бол_ған_мен, ән_ге бай_мын,

беу, беу, беу. Ба_қыр_бай, ой_пыр_май, ха - лім -

ай. Қан_ша мың сом бол_ған(ы)_мен

жан қал_там_да, беу, беу, беу. Тү_бі те_сік

қал_там_ның ба_йы_май_мын, беу, беу, беу. Ба_қыр_

бай, ой_пыр_май, ха_лім - ай.

Менің атым сұрасаң Саңғырбаймын,беу,беу,беу,
Малға кедей болғанмен, әнге баймын, беу,беу,беу.
Бақырбай, ойпыр-май, халім-ай.
Қанша мың сом болған(ы)мен жан қалтамда, беу,беу,беу,
Түбі тесік қалтамның байымаймын, беу,беу,беу.
Бақырбай, ойпыр-май, халім-ай.
Керегенің басында оймақ тұрар, беу,беу,беу,
Кедейшілік жігітке қой бақтырар, беу,беу,беу.
Бақырбай, ойпыр-май, халім-ай.
Алған жары жігіттің, жақсы болса, беу,беу,беу,
Тал шыбықтай бұралып, ойнап тұрар, беу,беу,беу.
Бақырбай, ойпыр-май, халім-ай.




9. ӨТЕДІ ЖАСТЫҚ ӨМІР-АЙ

Орындаған Қани Ағзайұлы

Жай ♩ = 100

А



Айт де_ген_ де ө_лең_ді - ай, жө_не_ ле_ йін,

бей_піл сөз_ден мен не_ге, шір_кін - ай, бө_ге_

ле_ йін - ай. Ө_лең айт деп үл_кен_дер -

ай, бұ_йыр_ған соң, ди_ір_мен_нің та_сын_дай, о, шір_

кін, дөң_ге_ ле_ йін - ай.

Қайырмасы:

Ұста бір соқ_қан те_мірд(і) - ай, жақ_қан о_ған кө_мірд(і) - ай.

Сап_ ғыш_та тарт_қан жа_пы_рақ,

ө_те_ді жас_тық ө_мірд(е) - ай.

Айт дегенде өленді-ай, жөнелейін,
Бейпіл сөзден мен неге, шіркін-ай, бөгелейін-ай.
Өлең айт деп үлкендер-ай, бұйырған соң,
Диірменнің тасындай, о, шіркін, дөңгелейін-ай.
Қайырмасы:
Ұста бір сокқан темірді-ай,
Жаққан оған көмірді-ай.
Сарғышта тартқан жапырақ,
Өтеді жастық өмірде-ай.



10. ОЙ, ҚАЛҚА

Орындаған Аңсаған Тілеубекқызы

Баяндай $\text{♩} = 100$

Қа_ ра_ су қай_ нат_ қан мен

ір_ кіт бол_ мас, бі_ лім_ ді жү_ рек_ те_ гі

ой_ қал_ қа, ір_ кіп бол_ мас -

ау. Мы_ са_ лы, әр_ нәр се_

ні сол си_ яқ_ ты. Қа_ ра құс

қа_ йыр_ ған_ мен ой, қал_ қа, бүр_ кіт

бол_ мас - ау.

Қарасу қайнатқанмен іркіт болмас,
Білімді жүректегі ой, қалқа, іркіп болмас-ау.
Мысалы, әр нәрсені сол сияқты,
Қаракұс қайырғанмен ой, қалқа, бүркіт болмас-ау.

Ән салсаң өзімдей сал баяулатып,
Ер жігіт мал табады жаяулатып.
Астынан алты қырдың ән шырқасаң,
Шыдайды дөтің қайтіп ояу жатып.

